



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

25.07.17

№ 632

Орал қ.

г. Уральск

«Мектепке жол» акциясын өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігінің 2017 жылғы 25 шілдедегі № 3-18-3/2439-И хаты негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Мектепке жол» акциясы (бұдан әрі – акция) 2017 жылғы 1 тамыз - 30 қыркүйек аралығында «**Менің таңдауым - балаларға көмек көрсету!**» ұранымен өткізілсін.

2. «Тәуекел тобындағы», тәрбиесі «қиын» мектеп жасындағы балалардың мектепке бармауының алдын алу мақсатында үйлерді аралау жұмыстары, рейдтік шаралар ұйымдастырылсын.

3. Акцияны өткізу барысында «Мектепке жол» акциясын өткізу жөніндегі әдістемелік нұсқаулықтар басшылыққа алынсын.

4. Бірінші сынып оқушыларына мереке ұйымдастырылсын («Бірінші сыныпқа бірінші рет», «Бірінші сынып оқушыларына сыйлық» және т.б.).

5. Акция шеңберінде демеушілік қолдау көрсете алатын ірі өндірістік компаниялар мен ұйымдардың мәлімет қорын жасақтап, олармен әріптестік қарым-қатынас орнатып, әлеуметтік жағынан қорғалмаған отбасы балаларына әлеуметтік көмек көрсету жұмысы белсендірілсін.

6. Мектеп формасы мен кеңсе тауарларын сататын кәсіпкерлерге бағаларды төмендету туралы ұсыныспен шығып, ірі сауда орталықтарында ізгілік көмек пункттерін құру мүмкіндіктерін қарастырсын.

7. Шалғай орналасқан ауылдарға арнайы «Жылжымалы мектеп жәрмеңкесі» ұйымдастырылсын.

8. Акцияға ірі өндірістік компаниялар мен ұйымдарды тарту үшін міндетті түрде алдын ала PR-науқандарды өткізу, білім беру ұйымдарында стенд түрінде ақпараттық бұрыштарды құру, акцияның таңбасы мен сенім телефоны көрсетілген билбордтарды, баннерлерді және плакаттарды қаланың (аудан орталығының) басты көшелерінде, мекемелерінде, автобус аялдамаларында, базарларында, сауда орталықтарында орналастыру және акция логотипі басылған арнайы қағаздарды, плакаттарды тарату жұмыстары қолға алынсын.

9. Акцияның өту барысы туралы мәліметті бұқаралық-ақпарат құралдарында кеңінен жариялануы жүзеге асырылсын (жергілікті телехабарларда акцияның жүру барысы туралы сюжеттер, газеттерге мақалалар, акция туралы хабарландырулар берілсін, көпшілікке қолайлы жерде сенім телефоны орнатылсын).

